3	Анкерлік бұрандалар М10х106	Сәйкестік сертификаты	дана	Жоба бойынша
4	Өздігінен ойғыштар 3,9х35	Сәйкестік сертификаты	дана	Жоба бойынша
5	Өздігінен ойғыштар 4,2х16	Сәйкестік сертификаты	дана	Жоба бойынша
6	Өздігінен ойғыштар 4,2х25	Сәйкестік сертификаты	дана	Жоба бойынша
7	Құрылымдық әйнектеу үшін силикон тігістік герметик	Сәйкестік сертификаты	дана	Жоба бойынша

7 Сапаны бақылау және жұмысты қабылдау

7.1 ЖҰАҚ орнату барысында ҚР ҚН 1.03-00 талаптарына сәйкес мынадай бақылаулар жүргізілуі тиіс:

- ЖҰАҚ элементтерінің кіріс бақылауы;
- Жекелеген құрылыс процестері/өндірістік операциялар бойынша операциялық бақылау;
- Қабылдау бақылауы.

7.2 Кіріс бақылау кезінде ЖҰАҚ элементтерінің жұмыс құжаттамасына және бұйымдардың таңбалануына сәйкестігі тексеріледі.

7.3 ЖҰАҚ элементтерінің маркасының сәйкестігі өндіруші кәсіпорындардың сертификаттары және жұмыс құжаттамасының құрамына кіретін спецификациялар бойынша тексеріледі.

7.4 Кіріс бақылау кезінде ЖҰАҚ элементтерінің бүтіндігі көзбен шолып, ал геометриялық өлшемдері жеткізушілердің ілеспе құжаттамасы және қажетті өлшеу құралдарының көмегімен тексеріледі.

7.5 Өнімдердің өлшемдері, сондай-ақ берілген пішіннен ауытқулар ГОСТ 26433.0 және ГОСТ 26433.1 талаптарына сәйкес анықталады.

7.6 Геометриялық өлшемдерді тексеру үшін ГОСТ 7502 бойынша металл өлшеу рулеткасы және ГОСТ 166 бойынша штангенциркуль қолданылады.

7.7 Ілеспе құжаттардың талаптарына сәйкессіздіктер анықталған жағдайда ЖҰАҚ элементтерінің физика-техникалық сипаттамалары анықталуы тиіс.

Ескерту – Бұл жұмыстарды жүргізуге аккредиттелген зертханалар тартыла алады.

7.8 Егер ЖҰАҚ элементтерінің физика-техникалық сипаттамалары жобаның және ілеспе құжаттаманың талаптарына сәйкес келмесе, бұл элементтер қабылданбай, шығарылып тасталуы тиіс.

7.9 Кіріс бақылау нәтижелері ГОСТ 24297 бойынша есеп журналына тіркелуі тиіс.

7.10 Операциялық бақылау ЖҰАҚ орнату жұмыстары барысында ақауларды дер кезінде анықтау, алдын алу және жою мақсатында жүргізілуі тиіс.

7.11 ЖҰАҚ орнату процесінде операциялық бақылау мынадай элементтерге жүргізіледі:

- кронштейндер;
- тіректер мен ригельдер;
- әйнекпакеттер.

7.12 Кронштейндердің орналасуындағы ауытқулар ГОСТ 26433.2 сәйкес $\pm 5,0$ мм-ден аспауы тиіс. Әрбір элементтің ауытқуы жұмыс журналына тіркеледі.

7.13 Тіректердің ұзындығындағы ауытқулар ГОСТ 26433.2 сәйкес $\pm 2,0$ мм-ден аспауы тиіс.

7.14 Тіректер мен ригельдердің түзу сызықтылығынан ауытқу ГОСТ 26433.2 сәйкес $\pm 0,5$ мм-ден аспауы тиіс. Әрбір элементтің ауытқуы жұмыс журналына тіркелуі тиіс.

7.15 Тіректердің металл элементтерінің негізбен түйісу орындары коррозиядан қорғалуы тиіс.

7.16 ЖҰАҚ болтты қосылыстарының жобалық тартылу моменті моментті кілт қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.

7.17 Әйнекпакеттерді орнатуға арналған тірек төсемдерінің өлшемдері ұзындығы бойынша кемінде 40 мм, ені бойынша – қолданылатын толтырғыштың енінен кем емес, ал биіктігі – кемінде 3 мм болуы тиіс.

7.18 ЖҰАҚ қабылдау жұмыстары кезінде әрбір конструктивтік элементтің монтажды бақылауға алынып, жұмыс журналына жазылады және жасырын жұмыстарға актілер белгіленген нысан бойынша жасалады.

7.19 Қабылдау бақылауы кезінде тексерілуі тиіс:

- ЖҰАҚ элементтерінің жобамен сәйкестігі – ілеспе құжаттама бойынша;
- ЖҰАҚ орналасуының жобаның талаптарына сәйкестігі – атқарушылық геодезиялық сызбалар мен аспаптық бақылау құралдары арқылы;
- Монтаждаушы ұйымның атқарушылық сызбалар бойынша жобаға өзгерістер енгізуі және бұл өзгерістердің келісілгенін растайтын құжаттардың болуы;
- Жасырын жұмыстарды куәландыру актілерінің болуы және дұрыс рәсімделуі;
- Жалпы жұмыстар журналының болуы және ЖҰАҚ орнату реттілігінің сәйкестігі.

7.20 Орындаушы ұйым жұмыстың нәтижесін тапсырыс берушіге тапсырады, ал қабылдаушы тарап оны қабылдайды. Бұл процесс ҚР Қала құрылысы кодексіне сәйкес екі тарап қол қоятын актімен рәсімделеді.

7.21 Орындаушы ұйымның орындалған жұмыстарды тапсыру нәтижелерін ресімдеу бірыңғайланған нысандар бойынша жүзеге асырылады, олардың толтырылу тәртібі де белгіленген.

7.22 Нысанды пайдаланушы ұйымға беру кезінде мынадай жұмыстар жүргізілуі мүмкін: ғимараттың жылу түсірілімі; жылуөткізгіштікке, ауа- және суөткізгіштікке, әуе шуының оқшаулануына және жел жүктемесіне төзімділігіне сынақтар. Бұл тексерулер тиісті аккредитациясы бар мамандандырылған ұйым тарапынан жүргізілуі тиіс.

Алюминий профильдерінің ұзындығының температура өзгеруіне тәуелділігі.

4 -Кесте

Температураның өзгеруі, °С	1 м профилдің ұзаруы, мм
1	0
5	0,1
10	0,2
15	0,4
20	0,5
25	0,6
30	0,7
35	0,8
40	0,9
45	1,1
50	1,2
55	1,3
60	1,4
65	1,5
70	1,6
75	1,8

Жарық өткізгіш қасбетті аспалы құрастырылған құрастырмаларға талаптар Жылу берудің келтірілген қарсылығы бойынша класы 5 –кесте бойынша анықталады

5 -кесте

Бұйымның класы	Жылу беруге келтірілген қарсылық, м·°С/Вт
A1	1,00

A2	0,80ч1,00
B1	0,70ч0,80
B2	0,65ч0,69
B1	0,65ч0,64
B2	0,50ч0,54
Г1	0,40ч0,49

Ауа- және су өткізгіштік класы 6-кесте бойынша анықталады.

6 -кесте

Бұйымның класы	600 Па кезіндегі ауқымды ауа өткізгіштік, м/(ч·м)	Су өткізгіштік шегі, Па, кем дегенде
A1	1,0	1200
A2	2,0	900
A3	2,5	600
Б	9,0	500
В	17,0	400

600 Па кезіндегі ауа өткізгіштік МемСТ 23166 бойынша анықталады.

Қала көліктерінің ауа шуын төмендетумен бұйым класы 7 –кесте бойынша анықталады

7 -кесте

Бұйымның класы	Ауа шуын төмендетумен бұйым, дБА
A1	св. 40
A2	38-40
A3	36-38
Б	34-36
В	31-33

Ауа шуын оқшаулау МемСТ 26602.3 бойынша анықталады.

Жел жүктемесі бойынша класс 8-кесте бойынша анықталады

8-кесте

Бұйымның класы	Жел жүктемесіне қарсылық, Па
Axxx	3000 аса
A1	2000 аса
A2	1000-1999
A3	600-999
Б	400-599
В	260-399

ҚР СНТК 8.07-06-2017

7.1 Тіреуіштік-беларқалық жүйе бойынша қасбеттік витраждарды орнату бойынша жұмыстарды қабылдау және сапасын бақылау 9- кестеде технологиялық процестердің бақылау картасында келтірілген.

9 -кесте Технологиялық процестердің бақылау картасы

Бақыланатын өлшем	Шектеулі ауытулар	Бақылау көлемі	Бақылау мерзімділігі	Бақылау әдісі (НТҚ белгілеу)	Бақылау құралдары, сынау құрылғысы (түрі, маркасы, техникалық сипаттамалары) Өлшеу диапазоны, бөлу бағаны, нақтылық класы, дәлсіздік және т.б)	Орындаушылар	Бақылау нәтижелерін рәсімдеу
1	2	3	4	5	6	7	8
Кіріс бақылауы							
тіреуіштік-беларқалы жүйе бойыншв қасбеттік витраждардың жинақтамасының және басқа жинақтамалық бұйымдардың нормативтік-техникалық құжаттамаларға сәйкестігі	Қолданылатын материалдарға әрекет ететін НТҚ және НҚА сәйкес	іріктеме	Қабылдау кезінде	Визуальды,өл шеуіш, 26433.1 МемСТ бойынша	МемСТ 7502-89 Р320 жабық корпустағы құрылыс рулеткасы, өлш.диапазон(0-5000) мм ц. д.1мм	Кәсіпорынның сынақ бөлімшесі, шебер (прораб),	Кіріс бақылауы журналы
тіреуіштік-беларқалық жүйе бойынша қасбеттік витраждарды және жинақтамалық бұйымдарды НТҚ талаптарына сәйкес сақтау шарттары	Қолданылатын материалдарға әрекет ететін НТҚ және НҚА сәйкес	іріктеме	Қабылдау кезінде	визуальды,өл шеуіш	Бөлу бағамымен термометр - +1 МемСТ 28498 бойынша, психрометр	Кәсіпорынның сынақ бөлімшесі, шебер (прораб),	Кіріс бақылауы журналы
Операциялық бақылау							
Жұмыс өндірісінің шарттары: - коршаған ауа температурасы - ауаның қатынастық желдік жүктемесі	Қолданылатын материалдарға әрекет ететін НТҚ және НҚА сәйкес	тұтастай	Күн сайын жұмыс өндірісін бастау алдында	Өлшеуіш, МЕМСТ 26433.1	Бөлу бағамымен термометр - +1 МемСТ 28498 бойынша, психрометр	Кәсіпорынның сынақ бөлімшесі, шебер (прораб)	Кіріс бақылаудың ортақжурналы

9 –кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
Ойықтардың геометриялық өлшемдер (биіктігі, ені)	ҚНЖЕ 3.03.01 талаптарына сәйкес	Тұтастай, әрбір блок іріктемелі	сол	Өлшеуіш МемСТ 26433.1 бойынша	Корпусы жабық құрылыс рулеткасы (МемСТ 7502-89 Р320), өлшем.диапазоны (0-5000) мм ц. д. 1мм, тіктеуіш (СТБ 1111-98), деңгей өлшеуіш (МемСТ 9392-89)	шебер (прораб), Кәсіпорынның сынақ бөлімшесі,	сол
тіреуіштік-беларқалық жүйе бойынша қасбеттік витраждардың ойықтарға қатысты өзектестігі	Жол берілмейді	Тұтастай, әрбір блок іріктемелі	Өндіріс кезінде	Өлшеуіш МемСТ 26433.1 бойынша	ОТ100-1 СТБ 1111 бойынша құрылыс тіктеуіші; 900 тексеру бұрыштығы МемСТ 3749 бойынша, қоршауыш құрастырманың қалыңдығынан кем емес жақтарының мөлшерімен; МемСТ 7502 бойынша металл өлшеуіш 0-3000 мм өлшеу диапазонымен, 1мм бөлу бағанымен; МемСТ 427 бойынша металл өлшеуіш сызғышы 0-500 мм өлшеу диапазонымен, 1 мм бөлу бағамымен, теодолит.	шебер (прораб), Кәсіпорынның сынақ бөлімшесі,	сол
тіреуіштік-беларқалық жүйе бойынша қасбеттердің орнатылған витраждарының көлденеңінен және тігінен бойынша ауытқуы	3 мм кем емес, 1 м ұзындығынан және бұйымның бүкіл биіктігінен 6 мм аспайтын	сол	сол	сол	МемСТ 9416 бойынша құрылыс деңге өлшеуіші, нақтылықтың бірінші тобынан төмен емес ; қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттармен бақылау рейкасы ұзындығы 2000 мм дейін, 0,5 мм аспайтын тік сызықтан ауытқумен	сол	Сол

9-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
Бекіту элементтері арасындағы қашықтық	Рұқсат етілген мәннен асыруға жол берілмейді	сол	сол	Визуальды, тіркеу	-	сол	Жұмыс өндірісінің ортақ журналы, жасырын жұмыстарды куәландыру актісі
Гидро окшаулаудың болуы және оның жобалық (технологиялық) құжаттамаға сәйкестігі	Жобалық (технологиялық) құжаттаманың талаптарына гидро окшаулаумен орындаған сәйкессіздікке жол берілмейді	сол	сол	Визуальды, тіркеу	-	сол	Жұмыс өндірісінің ортақ журналы, жасырын жұмыстарды куәландыру актісі
Гидро окшаулаудың болуы және оның жобалық (технологиялық) құжаттамаға сәйкестігі тігістердің герметикамен толтырылу тұтастығы, ажыраулардың болуы және жанасу тығыздығы	сол	сол	сол	сол	-	сол	сол

9-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
тіреуіштік-беларқалық жүйе бойынша қасжеттердің орнатылған витраждарының көлденеңінен және тігінен бойынша ауытқуы	3 мм кем емес, 1 м ұзындығынан және бұйымның бүкіл биіктігінен 6 мм аспайтын	Орындалған жұмыстардың ауқымынан 5% кем емес	сол	сол	МемСТ 9416 бойынша құрылыс деңгейі нақтылық бірінші тобынан төмен емес құрылыс деңгей өлшегіші; қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес ұзындығы 2000 мм дейін бақылау тақтайшасы, тік сызықтан 0,5 мм аспайтын ауытқумен	сол	сол
тіреуіштік-беларқалық жүйе бойынша қасбеттік витраждары бекіту беріктілігі	сол	Бір түрдегі терезе блоктарын орнату бойынша Орындалған жұмыстардың ауқымынан 5% кем емес, бірақ 3 бұйымнан кем. Орнату бойынша әртүрлі құрастырмалық шешім болған кезде- сынаққа әрбір құрастырмалық шешім бойынша 3 бұйымнан кем емесі тап болады	Терезе монтажынан кейін 24 сағаттан соң	Визуальды,өлшеуіш МемСТ 26433.1 бойынша	МемСТ 26433.1 сәйкес	Сынақ зертханасы (орталық)	Сынақ хаттамасы
тіреуіштік-беларқалық жүйе бойынша қасжеттердің орнатылған витраждарының көлденеңінен және тігінен бойынша ауытқуы	3 мм кем емес, 1 м ұзындығынан және бұйымның бүкіл биіктігінен 6 мм аспайтын	сол	сол	сол	МемСТ 9416 бойынша құрылыс деңгейі нақтылық бірінші тобынан төмен емес құрылыс деңгей өлшегіші; қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес ұзындығы 2000 мм дейін бақылау тақтайшасы, тік сызықтан 0,5 мм аспайтын ауытқумен	сол	сол

9-кестенің соңы

1	2	3	4	5	6	7	8
Гидро оқшаулаудың болуы және оның жобалық (технологиялық) құжаттамаға сәйкестігі	Жобалық (технологиялық) құжаттаманың талаптарына гидро оқшаулаумен орындаған сәйкессіздікке жол берілмейді	сол	сол	Визуальды, тіркеулік	-	сол	Жұмыс өндірісінің ортақ журналы, жасырын жұмыстарды куәландыру актісі
тіреуіштік-беларқалық жүйе бойынша қасбеттік витраждардың периметрі бойынша тігістердің ауа өткізгіштігі	сол	сол	сол	Өлшеуіш МемСТ 26602.2 бойынша	МемСТ 26602.2 сәйкес	сол	сол
тіреуіштік-беларқалық жүйе бойынша қасбеттік витраждардың жылу беруге қарсылығы	сол	сол	сол	Өлшеуіш	сәйкес	сол	сол

8 Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау

Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау:

Жұмысты бастар алдында әрбір жұмысшы қауіпсіздік техникасы бойынша кіріспе нұсқаулықтан өтуі қажет. Әрі қарай жұмыс орнында бастапқы нұсқаулық жүргізіледі және қажеттілігі бойынша қайталанған немесе жоспардан тыс нұсқаулықтар жүргізіледі. Нұсқаулықтардың жүргізілген барлық түрлері туралы қауіпсіздік техникасы бойынша журналға жазба жазу қажет.

Монтаж жұмыстары ҚР ҚН 1.03-05, МемСТ 23407-78, ҚР СТ 12.1.013-2002 талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

Құрылыс сатылары

1. Құрылыс сатылары (ЛРСП-200)– әртүрлі көкжиекте құрылыс-монтаждау жұмыстары өндірісі аймағында тікелей материалдарды және жұмыстарды орналастыру үшін арналған көп қабатты құрастырма. Құрылыс сатылары төсеу құралдарына жатады.

2. Құрастырмалық орындаулар бойынша болат құбырлардан құрастырмалы-ағытпалы инвентарлық тіреуіштік қадалмалы сатылар қолданылады. Құрылыс сатыларын 20 м дейінгі биіктіктегі ғимараттың қасбеттерін қаптау үшін құрастырылады.

3. Құрылыс сатыларының беріктілігі қабырғаға бітеп тасталған инвентарлы анкер-ілемектермен әр бір ярустан кейін шеткері бағандар үшін, екі баспалдақтың арасына-жоғарғы ярус үшін және бір бекіту-ғимарат қасбетіне құрылыс сатыларының беткі жағының проекциясының әрбір 50 шаршы метріне бекітумен қамтамасыз етіледі.

4. Жұмыс құрылыс сатыларын көтеру және түсіру үшін құрылыс сатылары бір-бірінен 40 м аспайтын қашықтықта орналасқан баспалдақтармен және басқыштармен жабдықталады.

5. Биіктігі 6 м және одан асатын құрылыс сатыларында жұмыс кезінде кем дегенде екі төсем: жұмыс (үстіңгі) және қорғаныш (астыңғы) орнатылады, ал әрбір жұмыс орны үстіңгі жағынан жұмыс төсемінен 2 м аса биіктікте орналасқан төсеммен қорғалады. тігінен аралық қорғаныш төсемі жоқ бірнеше қабаттарда жұмыс жасауға рұқсат етілмейді. Адамдардың, материалдардың және құрал-жабдықтардың құлауын ескерту үшін құрылыс сатыларының төсемдері сыртқы және беткі жақтарынан борттық тақтайшасы бар биіктігі 1 м таяныш қоршауларымен қоршайды.

6. Құрылыс сатылары міндетті түрде жерге тұйықталады және найзағайдың тікелей соққысынан қорғалады. Биіктігі 4 м металл өзекті найзағай қабылдағыштар жерге тұйықтағышпен біріктірілген сатылардың бүкіл ұзындығы бойымен жоғарғы қабатты әрбір 20 м кейін орнатылады.

7. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін сатылардың әрбір 20 метрінде бір өрт сөндіргіш, ал 100м ұзындықта- сыйымдылығы 250 л су толтырылған бөшке қарастырылады.

8. Құрылыс сатыларын қабат бойынша жоғарыдан төменге қарай қатаң ілеспелікте бөлшектейді: қоршауды шешеді; одан кейін түйіскен жерлері бөлшектелетін қабатпен сәйкес келетін бағандарды шешеді; төсем қалқандары алынады; сатын қабырғаға бекітуі, беларқалар және көлденең байлаулар шешіледі.

9. Құрылыс сатыларын монтаждау және бөлшектеу бойынша жұмыстар 15 м/с аса жел жылдамдығында, найзағай, тайғанақ болмаса жұмыс алаңы шегінде көруге мүмкіндік болмайтын тұман кезінде тоқтатылады.

Аспалы электр люлькалары

1.Электр люлькамен жұмыс кезінде бұйрықпен тағайындалады: электр люлькалардың техникалық күйіне жауапты (механик), электр люлькаларды қауіпсіз пайдалануға учаске бойынша жауаптылар (прораб, шебер), люлькаларға консолдер және аспалар орнату бойынша жұмысшылар (монтажшылар), люлькаларға техникалық қызмет көрсету

бойынша жұмысшылар (слесарьлар, электромонтерлер), люлькалармен жұмыстарды орындау бойынша жұмысшылар.

2. Люлькаларға техникалық қызмет көрсетуге механиктер (люлькалардың техникалық күйіне жауаптылар), слесарлар, оқудан өткен және люлькаларға қызмет көрсету құқығына куәлігі бар ТҚ бойынша 3-топ электромонтерлер жіберіледі.

3. Люлькалардың қауіпсіз пайдалану және техникалық күйі үшін жауапты ретінде тағайындалған механиктер, прорабтар, шеберлер бағдарлама бойынша оқу мекемесінде оқудан және тексеруден өтеді.

4. Монтаж электрлюлькаларды монтаждауды және жұмыстарды 18 жастан асқан, медициналық комиссиямен биіктікте жұмысқа жарамды.

5. Электр люлькаларды жұмыс алдында рұқсат-наряды беріледі.

6. люлькаларда жұмыс тек ғана қорғаныш белбеулері, қорғаныш көзілдіріктері және каскалармен рұқсат етіледі.

7. Люлькалардың жұмысы уақытында люльканың үсті және астындағы есік ойықтары жабық болуы қажет.

8. Люлькаға кіру және люлькадан шығу тек жерде жүзеге асырылады.

9. Люлькалардағы жұмыс 2-адам құрамында жүргізіледі.

10. Люльканың жылжуы кезінде жұмысшы сақтандыру арқанына сақтандыру белбеуінің карабинімен бекітілуі керек.

11. ауытқу жағдайында басқару пульті текшесінің көмегімен тоқтату және түзет, содан кейін ғана жылжуды жалғастыру қажет.

12. Құлап кетуді алдын алу үшін жұмысшылар кем дегенде 19 мм диаметрлі сельфакторлы м/м арқанмен ғимараттың құрастырмасына байланған сақтандырғыш белбеуін пайдалануы қажет.

13. Люльканың корпусында кернеулі тоқ анықталған кезде жұмысты тоқтату электр құрылғысын іске келтіргенге дейін тоқ беретін кабелді ажырату қажет.

14. Электр қозғалтқыштың және іске қосу аппаратурасының жұмысы кезінде түтін және от пайда болға, сымдармен мен кабелдерді оқшаулау бұзылған. Келтіру механизмі сынған жағдайда, жазатайым жағдайларда электр қозғалтқышты жедел түрде сөндіру қажет.

15. Электр люлькалармен 60 м аса биіктікте – 4 балдан аса (5.5-7.5 м/с) жел күші кезінде, 60м дейінгі биіктікте –6 балдан аса (10-12 м/с) жел күші кезінде жұмыс тоқтатылады.

Құрылыс объектілеріне өрт қауіпсіздігі ережесі:

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 09.10.2014 ж. №1077 қаулысымен бекітілген өрт қауіпсіздігі қағидалары

Жалпы талаптар

-Әрбір объектіде әрбір жарылыс өрт қауіпі бар және өрт қауіпі бар учаскелер (шеберханада, цехте, қоймаларда және т.б.) үшін өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықтар әзірленген.

- Ұйымның барлық жұмысшылары жұмысқа өртке қарсы нұсқаулықтан өткен соң жіберіледі, ал жұмысын өзгерткен жағдайда басшымен анықталған тәртіпте мүмкін болатын өрттерді ескерту және сөндіру бойынша қосымша оқытудан өтеді.

- Ұйым басшылары немесе жеке кәсіпкерлер атқаратын қызметі бойынша немесе атқаратын жұмысының сипаты бойынша қолданыстағы нормативтік актілер және басқа актілер күшінде өрт қауіпсіздігінің сәйкес ережелерін орындауы болмаса жұмыстың белгілі бір учаскелерінде оларды сақтауды қамтамасыз ететін жауапты адамды тағайындау құқығы бар.

- Кәсіпорын жұмысшыларын объектілерде өртті алдына-алу және өртпен күрес бойынша жұмыстарға тарту үшін өрт-техникалық комиссия және ерікті өрт құралымдары құрылуы мүмкін.

- Заттарды, материалдарды, бұйымдарды және құрал-жабдықтарды өндірушілер (жеткізушілер) сәйкес техникалық құжаттамаларда бұл заттардың, материалдардың, бұйымдардың және құрал-жабдықтардың өрт қауіпсіздігінің көрсеткішін, сонымен бірге олармен қатынас кезіндегі өрт қауіпсіздігі шараларын көрсетеді.

- Барлық өндірістік, әкімшілік, қоймалық және қосалқы бөлмелерде көзге көрінетін жерлерде өрт күзетін шақыру телефонының нөмірі көрсетілген тақтайша орнатылуы қажет.

- Ұйымның аумағында ашық отты пайдаланудың, көлік өтуінің, шылым шегу мүмкіндігінің және уақытша өртке қарсы жұмыстардың Қағидалары өрт қауіпсіздігі шаралары туралы жалпы объектілік нұсқаулықтармен бірге анықталады.

- Құрылыста шылым шегу тек ғана қатаң түрде арнайы бөлінген жерлерде ғана рұқсат етілген.

- Жарылыс- өрт қаупі бар материалдар тұрған қоймалық бөлмелер аумағында шылым шегуге рұқсат етілмейді.

- Өртке қарсы қашықтықты жобалау нормаларымен анықталған, бірақ ғимараттар мен үймереттерге дейін 50 м жақын емес қашықтықта алау, тұтатуға, қалдықтарды және ыдыстарды өртеуге рұқсат етілмейді.

- Қалдықтарды және бос ыдыстарды өртеу осы мақсаттарға арнайы бөлінген жерлерде құрылыстың бас прорабының бақылауымен жүзеге асырылады.

- Құрылыста әрбір 50 м сайын құм салынған жәшіктер, сонымен бірге оңай қол жетімді өрт сөндіргіштер орнатылуы қажет.

Қолданыстағы электр құрылғыларды пайдалану кезінде тыйым салынады:

- электр қуатын қабылдағыштарды (электр қабылдағыштар) өндіруші-ұйымның нұсқаулықтарында талаптарына сәйкес емес жағдайларда пайдалануға немесе пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес өртке жетелеуі мүмкін ақаулары бар қабылдағыштарды пайдалануға, сонымен бірге бүлінген немесе оқшауланған қорғауыш қасиеттерін жоғалтқан электр сымдарын және кабелдерді пайдалануға;

- бүлінген ажыратқыштарды, өшіргіштерді, басқа электр қондырғы бұйымдарды пайдалануға;

- электр шамдарын және жарық шамдарды қағазбен, матамен және басқа жанғыш материалдармен тыстауға, сонымен бірге жарық шамдарды жарық шамның құрастырмасымен көзделген шешілген қақпақтарымен (шашыратқыштарымен) пайдалануға;

- жылудан қорғау құрылғысы жоқ, өрт қаупін болдырмайтын жанбайтын жылу оқшаулайтын материалдардан тіреуіші жоқ электр үтіктерін, электр пештерін, электр шәйнектерін және басқада электр қыздырғыш аспаптарды пайдалануға;

- стандартты емес (қолдан жасалған) электр қыздырғыш аспаптарды қолдануға, калибрленбеген балқығыш ендірмелерді, қайта жүктеу және қысқа тұйықталудан қорғаудың басқа қолдан жасалған аспаптарын пайдалануға;

- электр қалқандарда, электр қозғалтқыштарда және іске қосу аспаптарында жанғыш (жылдам тұтанатын) заттарды және материалдарды орналастыруға (қаттауға).

Өртке қарсы су құбырлары желілері іске жарамды күйде болуы және өрт сөндіру қажеттіліктеріне су шығынының талап етілетін нормасын қамтамасыз ету қажет.

- Өрт гидранттары іске жарамды күйде болуы, ал қыс мезгілінде жылытылған, қардан және мұздан тазартылған болуы керек. Автокөлікті өрт гидранттары құдықтарының қақпақтарының үсіне қоюға тыйым салынады. Өртке қарсы су жабдықтау

көздеріне жолдар және подъездер өрт техникасын кез-келген жыл мезгілінде өтуін қамтамасыз етуі тиіс.

- әрбір азамат өртті немесе жану белгілерін (тұтану) анықтаған жағдайда шұғыл түрде бұл туралы телефон арқылы өрт күзетіне (мұндайда міндетті түрде объектінің мекенжайын, өрттің тұтану орнын, сонымен бірге өзінің аты-жөнін атауы керек) хабарлауы қажет;

- мүмкіндігінше адамдарды шығару, өртті сөндіру материалдық құндылықтарды сақтау бойынша шараларды жүзеге асыру тиіс.

- Мүлікті иелену, пайдалану немесе басқаруға уәкілетті адамдар, ұйымның басшылары және лауазымды адамдар, анықталған тәртіпте өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты ретінде тағайындалған адамдар өрт орнына келулері бойынша келесі іс-әрекеттерді жүзеге асыруы қажет:

- өрт туындағаны туралы өрт күзетіне хабарлау, объект басшылығын және кезекші қызметін хабардар етуі;

- адамдардың өміріне қауіп төнген жағдайда жедел түрде қолында бар күшті және құралдарды қолданумен адамдарды құтқаруды ұйымдастыруы;

- өртке қарсы қорғаныш автоматты жүйелердің іске қосылғанын тексеру (адамдарды өрт туралы хабардар ету, өрт сөндіру, түтінге қарсы қорғаныс);

- қажеттілігі бойынша электр қуатын сөндіруі (өртке қарсы қорғаныш жүйесін қоспағанда) тасымалдауыш құрылғылардың, агрегаттарың, аппараттардың жұмысын тоқтату, шикізатты, газды, булы және сулы коммуникациялары жабу, апатты және қосалқы бөлмелердегі желдету жүйесінің жұмысын тоқтат, өрттің өрістеуін және ғимарат бөлмелерінің түтіндеуін болдырмауға септігін тигізетін басқа да шараларды орындауы;

- ғимараттағы өрті жоюмен байланысты жұмыстардан басқа барлық жұмыстарды тоқтатуы (егерде бұл өндірістің технологиялық процесі бойынша мүмкін болса);

- қауіпті аймақтардың шегінен өрт сөндіруге қатыспайтын барлық жұмысшыларды алып кетуі;

- өрт күзеті бөлімшесі келгенге дейін өрт сөндіру бойынша жалпы басшылықты жүзеге асыруы (объектінің спецификалық ерекшеліктері есебімен);

- өрт сөндіруге қатысушы жұмысшылардың қауіпсіздік талаптарын сақтауын қамтамасыз етуі;

- өрт сөндірумен қатар материалдық құндылықтарды оқшаулау және қорғауды ұйымдастыруы;

- өрт қорғау бөлімшесін қарсы алуды ұйымдастыруы және өрт көзіне барудың ең қысқа жолын таңдауға көмек көрсетуі;

- өрт сөндіру және олармен байланысты бірінші кезектегі апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізу үшін тартылған өрт күзеті бөлімшелеріне жеке құрамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті; объектіде қайта өңделетін немесе сақталған қауіпті (жарылыс қаупі бар) жарылғыштар, әсері күшті улы заттар туралы деректерді хабарлауы.

9. Еңбек шығындарының калькуляциясы

9.1 Тіреуіштік-беларқалық жүйе бойынша қасбеттердің витраждарын монтажына калькуляциясын жасау кезінде Құрылыс, жөндеу-құрылыс пен монтаждау жұмыстарына арналған бірыңғай нормалар және бағалар пайдаланылған (БНжБ).

9.2 Тіреуіштік-беларқалық жүйе бойынша қасбеттердің витраждарын орнату кезіндегі еңбек шығындарының калькуляциясы бұрын жүргізілген еңбек шығындары хронметражы негізінде орындалған.

9.3 Еңбек шығындары :

$$З = \frac{З_1}{60} \cdot n, \text{ формуласы бойынша есептелген.}$$

Мұндағы З – адам. еңбек шығындары.-а;

$З_1$ – нақты бір объектіде нормаланған жұмыстың түрлеріне минуттағы еңбек шығындары

n – нормалау сәтінде жұмыс түрлеріне тартылған жұмысшылардың саны.

9.4 Еңбек шығындарының калькуляциясы ағаштан терезе блоктарын орнатуға орындалған.

9.5 Еңбек шығындарының нормативтері ұзақтығы 8 сағаттық ауысым есебімен келтірілген.

9.6 Еңбек шығындарында дайындық - қорытындылау жұмыстарына уақыт, технологиялық үзілістер, демалыс және жеке қажеттілігіне уақыт шығындары ескерілген. Технологиялық процестердің ажырамас бөлігі болып табылатын ұсақ қосалқы және дайындық операциялары нормалармен ескерілген бірақ жұмыс құрамында ескерілмеген.

Тіреу-ригел жүйесі бойынша қасбеттер әшекей әйнектерін монтаждауға еңбек шығындарының калькуляциясы

100 м2 қасбет витраждарына

№ /№ p/p	Негіз деме	Жұмыстардың атауы	Өлшем бірлікте рі	Көлемі	Бір адамға (машинаға) уақыт нормасы	Буын құрамы			Адам (машина) ауқымына еңбек шығындары
						мамандығы	Разряд ы	Саны	
Негізгі жұмыстар									
1	НЗТ№ 1	кронштейндерді орнату: - кронштейндердің орналасуы нүктелерінің көлденең белдіктерінің белгілеуі; - кронштейннің астына саңылаулар бұрғылау; Кронштейндерді бекіту.	дана	36	1,20 (0,33)	Құрылыс құрастырмасы ның монтажшысы	3 2	1 1	43,2 (11,55)
2	НЗТ№ 2	Бағандарды орнату және оларды кронштейндерге бекіту;	дана	105	0,4 (0,05)	Құрылыс құрастырмасы ның монтажшысы	4 3 2	1 1 1	42,0 (5,25)
3	НЗТ№ 3	Беларқаларды орнату;	дана	76	0,50 (0,05)	Құрылыс құрастырмасы ның монтажшысы	3 2	1 1	38,0 (3,8)
4	НЗТ№ 4	Бағандарды біріктіру;	дана	30	0,25	Құрылыс құрастырмасы ның монтажшысы	2	1	7,5
5	НЗТ№ 5	Жарық өткізгіш толтыруларды (шыны пакеттерді) орнату; - резеңке нығыздағыштарды орнату; - шыны пакеттерді орнату.	м ²	94	1,2446 (0,4148) (0,4148)	Құрылыс құрастырмасы ның монтажшысы	4 3 2	1 1 2	156,0 (39,0) (39,0)

6	НЗТ№ 6	Тігістерді толтыру және саңылаусыздандыру.	м	145	0,1 (0,05)	Құрылыс құрастырмасының монтажшысы	4 2	1 1	14,5 (7,25)
Барлығы:									301,2
Электр бұрғы (перфоратор):									(11,55)
Бұрмашегені бұрағыш:									(7,15)
Электрлі люлька:									(46,15)
Электрлі жүкшығыр:									(39,0)
Қосалқы жұмыстар									
7	Е1-5 кест. 2, п.2.	Өзі жүретін крандармен материалдарды түсіру ж.к. 10 т	1,0 т. дейін пакет	7,2	0,12 (0,061)	Автомобиль кранының машинисі, Такелажшы	6 2	1 2	0,86 (0,461)
8	Е1-7 п. 28	Жұмыс өндірісі қабатына мұнаралы кранмен материалдары беру	т	5,0	0,13 (0,064)	Мұнаралы кранның машинисі, Такелажшы	5 2	1 2	0,65 (0,32)
9	Е1-19 п. 6	Материалдарды жұмыс өндірісі орнына тасымалдау	т	5,0	1,5	Қосалқы жұмысшылар	2	1	7,5
Барлығы:									9,014 адам-сағ.
Мұнаралы кран ж.к.10т дейін:									(0,32 маш-сағ)
Автомобиль краны ж.к. 10т:									(0,461 маш-сағ)
Барлығы:									310,214 адам-сағ.
Электрлі бұрғы (перфоратор):									(11,55 маш-сағ)
Бұрмашегені бұрағыш:									(7,15 маш-сағ)
Электрлі люлька:									(46,15 маш-сағ)
Электрлі жүк шығыр:									(39,0 маш-сағ)
Мұнарлы кран ж.к. 10т дейін:									(0,32 маш-сағ)
Автомобиль краны ж.к. 10т:									(0,461 маш-сағ)

мұндағы

- 310,214 ад.-сағ – жұмысшылар еңбегінің шығындары;
- 11,55 маш.- сағ – қол электрлі бұрғыны орнатуды пайдалану;
- 7,15 маш.- сағ - бұрмашегені бұрағышты пайдалану.
- 46,25 маш.- сағ – электрлі люльканы пайдалану;
- 39,0 маш.- сағ – электрлі жүк шығырды пайдалану;
- 0,32 маш.- сағ - 10 т дейін ж.к. мұнарлы кранды пайдалану.
- 0,461 маш.- сағ - 10т ж.к. автомобиль кранын пайдалану: